

Шемонаиха аудандық мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы № 15/4-VIII " Шемонаиха ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 2024 жылғы 2 тамыздағы № 20/3-VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 13 тамызда № 9059-16 болып тіркелді

Шемонаиха аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шемонаиха аудандық мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы № 15/4-VIII " Шемонаиха ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8994-16 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 117 "Тұрғын үй көмегін беру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33763 болып тіркелген) сәйкес Шемонаиха аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасының 6-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Аз қамтылған отбасы (азамат) (немесе оның сенімхатқа, заңға, сот шешіміне не әкімшілік құжатқа негізделген өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін тоқсанына бір рет Қағидаларға сәйкес "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүгінеді."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шемонаиха аудандық мәслихатының төрағасы

М. Желдыбаев